

## 2021 жылға Арыс қаласындағы салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 411 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 қазанда № 5851 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығымен бекітілген Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 тіркелген) Арыс қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. 2021 жылға Арыс қаласындағы салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Арыс қаласы "Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Арыс қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е.Ақтаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Арыс қаласының әкімі

М. Қадырбек

"КЕЛІСІЛДІ"

"Арыс қаласы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

У.Ұзақов

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2020 жыл

**2021 жылға Арыс қаласындағы салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті**

№	Аймақ атауы	Елді мекеннің атауы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1.	Арыс қаласы	Арыс қаласы	2,00
2.	Ақдала ауылдық округі	Ақдала	1,90
3.		Ақын-Жақып	0,00
4.		Пәкентай Арапов	1,55
5.		Тақыркөл	0,00
6.		Тоғайлы	0,00
7.		Онтам	1,65
8.		Байыркұм ауылдық округі	Байыркұм
9.		Жосалы	1,40
10.		Көкжиде	1,65
11.	Дермене ауылдық округі	Дермене	1,80
12.		Саналы	1,65
13.		Қаражантақ	1,55
14.		Орманды	1,30
15.		№ 40 разъезд	1,00
16.		Теміржолшы	1,55
17.		Қызылкөпір	1,75
18.	Жиделі ауылдық округі	Жиделі	1,90
19.		Аққала	1,75
20.	Монтайтас ауылдық округі	Монтайтас	1,75
21.		Ақтас	1,45
22.		Бакырша	1,00
23.		Қабылсай	1,65
24.		Қожатоғай	1,65
25.		№ 42 разъезд	1,35
26.		Тоғансай	1,10
27.		Шағыр	1,55
28.	Қожатоғай ауылдық округі	Қожатоғай	1,85
29.		Байтоғай	1,65
30.		Бұлақ	0,95
31.		Дарбаза	0,85
32.		Сырдария	1,90
33.		Шөгірлі	1,75

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК